



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

### Е. SERKEBAEV. 100 JYL және AINALAIYN коллекциялық монеталарын айналысқа шығару туралы

Астана қ.

2026 жылғы 25 мамыр

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан **«Е. SERKEBAEV. 100 JYL»** және «Жүректен жүрекке» сериясынан **«AINALAIYN»** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Коллекциялық монеталар **2026 жылғы 28 мамырдан** бастап ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

#### Е. SERKEBAEV. 100 JYL коллекциялық монетасы туралы

Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев (1926-2013) – көрнекті кеңес және қазақ опера әншісі (лирикалық баритон), педагог және актер. КСРО халық артисі (1959) және Социалистік Еңбек Ері (1986). 1947 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ опера және балет театрының солисі болды. Кеңестік опера сахнасында «Севильский цирюльник» операсындағы Фигаро партиясын және ұлттық «Абай» операсындағы Абай партиясын орындауы арқылы кеңінен танылды. Монета дизайнында Е. Серкебаевтың портреттік бейнесі пайдаланылған.

Монета мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы – 7 000 (жеті мың) дана.

#### Монетаның бейнесі



#### AINALAIYN коллекциялық монеталары туралы

Монетада құрақ көрпені еске түсіретін композиция бейнеленген. Монета жиегінің бойымен шеңбер жасап қайталанған «AINALAIYN» сөзі шетінен ортасына қарай ағылған қозғалыс әсерін береді. Композицияның ортасында шуақты күн бейнелі ою-өрнекпен көмкерілген «Жүрек» элементі орналасқан. Бұл бейнелер жылулықты, шексіз махаббат пен шынайы қамқорлықты білдіретін қазақтың «Айналайын» сөзінің мағынасын ашуға арналған.

Монеталар:

925 сынамалы күмістен жасалған. Дайындау барысында түрлі түсті баспа және құбылмалы кемпірқосақ реңкті (интерференциялық) қабат технологиясы қолданылған.

Массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңге, таралымы – 3 000 (үш мың) дана;

#### Күмістен дайындалған монетаның бейнесі



мельхиор (МН 25) қоспасынан тұрады, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы – 10 000 (он мың) дана.

#### Мельхиордан дайындалған монетаның бейнесі



Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға және аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)